

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

йеген термині, шамасы, өз мағынасынан айырылады, мәселен, қазіргі қарақалпақ тілінде, жиен тек әпке, сіңлілердің баласын ғана емес, сонымен қатар аға, інілердің де балаларын атайды: жиен - аға, ині, апа, синглининг баласы [11, 506]. Салыстырыңыз: ұйғырша «джіе» 'ағаның немесе әпкенің жиені, немере туысқаны. Башқұрт тілінде «ейен» – 'немере туыс, жиен' дегенді емес, тек қана 'немере'; бұл терминмен жалпы барлық немере аталады.

Туыстық атаулар - түркі халықтарының лексикасында этникалық қалыптасу жолындағы алғаш пайда болған тілдік бірліктер. Қазақ тіліндегі жиі қолданыста болатын *ана, әке, ұл, аға, іні, жеңге, нағашы, жиен* туыстық атауларының басқа түркі халықтарының басым көпшілігінде көрініс табады. Бұл түркі халықтары өз туыстық атауларын барынша сақтап қалғандығын көрсетеді. Ал олардың кейбір семантико-фонетикалық өзгерістерге түсуі (әке-ада-отта; нағашы-таға-таай) түркі халықтарының бір-бірінен бөлініп, әр-түрлі тарихи оқиғаларды басынан кешіруімен (басқа халықтармен түрлі байланысқа түсуімен), географиялық орналасуымен тығыз байланысты. Жалпы, түркі халықтары өз туыстық терминдерін сақтап қалғандығын байқауға болады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төлеубаева К.М. Қазақтар мен Орталық Азия халықтарындағы отбасылық туыстық қарым-қатынастар (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы) - http://www.rusnauka.com/13_EISN_2012/Istoria/2_108213.doc.htm
2. Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дауенов Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: Кереку, 2008. – Б. 2. –260 б.
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I-IV. СПб., 1888 – 1911, С. 368
4. Айдаров Ғ., Күлтегін ескерткіші.Зерттеунама.-Алматы: «Ана тілі», 1996.-232 б.
5. Кашгари М. Диван лугатит – турк. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1292 с.
6. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Издательство «Наука», 1974.- 754 с.
7. Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка.-Чувашское книжное издательство.- Чебоксары, 1964.-357 с.
8. Баскаков Н.А., Инкижекова-Грекул А.И. Хакасско-русский словарь.- Государственное издательство иностранных и национальных словарей. Москва, 1953.-352 с.
9. Кононов А.Н. К этимологии слова огул 'сын' // Филология и история монгольских народов в памяти акад. Б.Я. Владимирцова. - М.,1995. – С.178
10. *Қайдар* Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. 1-том. Адам. Алматы, 2009.
11. Баскаков Н.А. Каракалпакско-русский словарь – М.: Наука, 1958. - С 506.
12. Древнетюркский словарь. –Ленинград: «Наука», 1969. – 676 с.
13. <http://cheloveknauka.com/terminy-rodstva-i-svoystva-v-kumyyskom-i-turetskom-yazykah#ixzz3Sq1UmC3N>

ӨОЖ 325.111:314.7

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИГРАЦИЯНЫҢ ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ РӨЛІ

Арыкбаев Ануар Назымбекович

Anick_aan@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультетінің 6М020900 – «Шығыстану» мамандығының І курс магистранты
Ғылыми жетекші – Абжаппарова Бибіхадиша Жүрсінқызы

Қазіргі таңда әлемде орын алып жатқан халық миграциясы процесі экономика мен саясат, демографиялық процестер мен ұлттық қатынастар, идеология мен дін сияқты қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер ететін, көпжақты құбылыс болып табылады. Өткен

ғасырларда көшпенділік түрлерінде, әскери және отаршылдық қоныс аударуда, тұрғындардың халықаралық миграциясы шаруашылықтың капиталистік жүйесінің дамуымен жаңа сипаттарға ие болды. Өндіріс құралдарынан айырылған адамдарда үлкен көші-қонның қажеттілігі туындады. Миллиондаған адамдар өз туған жерлерін тастап, материалдық ауқаттылықты іздеу мен теңсіздіктен құтылу мақсатында, алыс және жақын орналасқан елдерге көшуге мәжбүр болды.

Бүгінгі күні Азия, Африка мен Еуропа халықтарының мәдениеттері арасындағы айырмашылық айтарлықтай азайды. Адамдар құрлықтан құрлыққа көшіп, дәстүрлі мәдениет пен қабылдаушы елдің мәдениетін таңдау мүмкіндігіне ие болды. Көбінесе, мәдени және әлеуметтік айырмашылықтардың болғаны соншалықты, белгілі бір этникалық топтарда, олардың билеуші қауымнан этникалық пен конфессиялық айырмашылықтарына байланысты дискриминациялау туралы тұжырымы қалыптасады. Осылайша менталитет қалыптасады, полиэтникалық аймақта әлеуметтік орта қалыптасады.

Статистикалық мәліметтер бойынша, бүгін шамамен 214 млн адам туылған жерлерінен тыс басқа ел аумағында өмір сүреді. Миграция күннен күнге әлемнің барлық аймақтарына әсер етеді, ал көптеген елдер мигранттар үшін бір уақытта шыққан тегі, мекендеу және транзиттік елдер мекені болып табылады. Қоныс аударушылардың көбісі дамушы мемлекеттер арасында көшеді, соның ішінде әлемдегі жалпы қоныс аударушылардың 40% өз аймағындағы көрші елдерге қоныс аударады. Негізінде қоныс аударушылар қауіпті, табысы аз қызмет атқарады. Егер кейбір адамдар үшін миграция жаңа мүмкіндіктер беретін жағымды тәжірибе болып саналса, көпшілік үшін миграция – адам құқықтарының бұзылуымен, дискриминациямен және қанаумен байланысты. Дегенмен қоныс аударушылар өз туған елдерінде және мекендеу елдеріндегі экономикалық өсімге және адам мүмкіншіліктерінің дамуына елеулі үлес қосады. Әр түрлі халықтар мен мәдениеттерді құрметтеу және түсіну сезімін баулу, мәдени алуантүрлілік арқылы қоғамның дамуына септігін тигізеді [1].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап миграциялық процесстер әлемнің барлық құрлықтарын қамтыды, соның ішінде әлеуметтік топтар мен қауымдар, қоғамның алуан түрлі салаларына еніп, жаһандық масштабтарға ие болды. Миграция мен әлеуметтік өзгерістер арасындағы өзара байланыс бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда, әлдеқайда терең бола бастады, ал миграциялық процесстер – мигранттарды қабылдау қоғамының ғана емес, сонымен бірге оларды қайтару қоғамында әлеуметтік өзгерістердің негізгі себебі мен факторы болды. Мигранттар шығатын елдер үшін ең маңызды мәселе – олардың дамуына миграцияның үлес қосуы не кедергі келтіруі болып саналады. Бір елден басқа елдерге мамандырылған кадрлардың, жас белсенді жұмысшылардың көшуі, яғни «ғұламалардың жылыстауы» арқылы миграция мигранттар шығатын елдердің дамуына, кейінгі жағымды әлеуметтік өзгерістердің мүмкіншіліктеріне кедергі келтіруі мүмкін. Осылайша миграция даму қарқыны бәсең елден дамыған елге ең маңызды ресурс – адам әлеуетінің тапсыруына септігін тигізеді. Мигранттарды қабылдаушы ел сол инвестициялардан күдіксіз пайдаға ие болады, ал мигранттар көшетін елдер аталған инвестицияларды қайтып келген мигранттардың жиналған тәжірибелерін тиімді пайдалана алса ғана ие болады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап миграциялық ағымдар теңдесі жоқ қарқынға ие болды. БҰҰ-ның халық санағы бөлімінің ақпараты бойынша, XXI ғасырдың басында миграциялық айналымға әлемдік қауымдастықтың 218 мемлекеті қатысты болды. Бүгінгі күні халықаралық мигранттардың жалпы саны XX ғасырдың 50-ші жылдарымен салыстырғанда үш есе өсті. Одан басқа қазіргі заманда ішкі миграциялық қозғалыстар халықаралық сипатқа ие болып жатыр. БҰҰ сарапшыларының бағасы бойынша, миграциялық ағымдар қарқыны өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап 750 млн-нан 1 млрд адамға дейін жетті. Басқа сөзбен айтқанда шамамен әлемнің әрбір алтыншы тұрғыны қоныс аударды. Бұл көрсеткішке халықаралық туристтер жатқызылған жоқ. Әлемдік туристік ұйымның бағасы бойынша, 2004 жылы олардың саны 750 млн адамды құрады, ал 1960 жылы бұл көрсеткіш 69 млн-ға жетті.

1970 жылдан 2014 жылға дейін мигранттардың жалпы саны шамамен үш есе өсті. Соның ішінде олардың саны Жер шары халқының өсіміне қарағанда артығырақ болды. 1965 жылдан 1975 жылға дейін халықаралық миграция өсімі жыл сайын 1,16%, ал әлем халқының өсімі 2,04% құраған болса, 1980 жылдан бері халық өсімі азая бастады, ал халықаралық миграция өсімі елеулі түрде ұлғаюын жалғастырды. 1985 жылдан 2004 жылға дейін жалпы халық санының өсімі жыл сайын 1,7%, миграциялық өсім 2,7%-дан артық болды. Аталған кезеңде мигранттар жалпы санының шамамен 9% босқындар құрады. 2004 жылдың соңында, БҰҰ-ның Жоғары комиссарының Басқару құзыреттілігіндегі, шамамен 21 млн босқындар болды. Босқындардың көбісі Африка мен Азиядан болып табылады. Дамыған мемлекеттерде шамамен 3 млн, ал дамушы елдерде 18 млн босқын бар [2].

Халықаралық мигранттардың шоғырлануы белгілі бір мемлекеттер мен әлемнің аймақтарында болады. БҰҰ-ның «Халықаралық миграция туралы Баяндамасында», қазіргі таңда әлемдегі барлық мигранттардың 60% Еуропа (56 млн), Азия (50 млн), Солтүстік Америкада (41 млн) тұратыны туралы құпталады. Әлемнің дамыған аймақтарында шамамен әрбір оныншы тұрғын мигрант болып табылады. Дегенмен дамушы мемлекеттерде 70 адамның ішінен тек біреуі ғана мигрант болып саналады. XX ғасырдың соңғы онжылдығының ішінде әлемдегі мигранттардың саны 21 млн-ға немесе 14%-ға өсті. Сол кезеңде мигранттар санының өсімі дамыған аймақтарда айқын байқалды. Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия, Жаңа Зеландия мен Жапонияда мигранттардың жалпы саны 23 млн адамға немесе 28%-ға өсті. Солтүстік Америкада мигранттар саны 13 млн адамға (48%), ал Еуропада қоғамның бұл тобы 8 млн адамға немесе 16 % өсті. Әлемнің дамушы аймақтарына келетін болсақ, 1990-2000 жылдар арасында сол аймақта тұратын мигранттар саны 2 млн адамға, соның ішінде Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдерінде 1 млн адамға, яғни 15 % азайды.

Жалпы 5 жыл ішінде әлемнің дамыған аймақтарына шамамен 12 млн адам қоныс аударды, яғни дамуы бәсең мекендерден жыл сайын шамамен 2,3 млн адам көшіп отырды. Мигранттар санының ең көбі Солтүстік Америка (жыл сайын 1,4 млн адам), Еуропа (жыл сайын 0,8), Мұхит елдеріне (жыл сайын 90 мың адам) қоныс аударды. БҰҰ-ның ақпараты бойынша, 2000 жылы мигранттардың ең көбі АҚШ (35 млн), Германия (7 млн), Франция (6,3 млн), Үндістан (6,2), Канада (5,8 млн), Сауд Арабиясы (5,2 млн), Австралия (4,7 млн), Ұлыбритания (4 млн), Израиль (2,3 млн) елдерінде өмір сүрді. Дамыған елдер үкіметінің мигранттар ағымын шектеуге күш жұмсауына қарамастан, дамушы елдерден дамыған елдерге мигранттар ағымы 1980 жылдан бастап айтарлықтай ұлғайды. Одан басқа дамуы бәсең елдерден Шығыс Азияға, яғни жаңа индустриалды елдерге көшудің жаңа бағыты пайда болды [3].

Соңғы бірнеше жыл ішінде соғыстан кейінгі тарих кезеңінде Еуропаны миграцияның ең үлкен ағымы басты. БҰҰ-ның бағасы бойынша, 2013-2014 жылдары баспана іздеу мақсатымен, Еуропалық Одақ мемлекеттерінен көмек сұрайтын әлемнің үшінші елдері тұрғындарының саны 1,2 млн-нан асады. Күн сайын әр түрлі елдерден Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдерінен мигранттарды қабылдауы немесе қабылдамауы туралы хабар келіп жатыр. Еуропалық Одақ миграция саласында біріккен, үйлесімді саясатты әзірше үйлестіре алмады, ЕО елдері үкіметінің әрқайсысы қақтығыстар аймақтарында қалыптасқан гуманитарлық апатты жеке шешеді.

1990 жылға дейін әлемде миграцияның кең таралған келесі негізгі үш түрі болды: тұрақты мекендек орнына көшу, яғни дәстүрлі миграция; уақытша еңбек миграциясы және босқындардың көшуі. Соңғы он жылдағы үрдістер ағымдардың елеулі алуантүрлілігіне және түрлердің араласуына, жаңа түрлердің пайда болуына әкеліп соқтырды. Біріншіден, жоғары білікті жұмысшы күштерінің миграциясына қатысты. Мигранттардың осы категориясына жоғары мамандырылған менеджерлер, әкімгерлер, мамандар, техниктар және т.б. яғни ұлтаралық корпорациялар мен халықаралық ұйымдардың ішкі еңбек нарықтар аумағында көшетін немесе халықаралық еңбек нарықтары арқылы жұмыс іздейтіндер жатады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, көптеген елдер кәсіпкерлер, ғалымдар, кәсібилер мен техникалық мамандардың келуін құптайды.

1980 жылдан бастап АҚШ, Канада мен Австралияда «Жоғары білікті және бизнес-мигранттар» атты арнайы бағдарламасы болды. Аталған миграциялық процессті қазіргі таңда мигранттарды қабылдайтын елдер үкіметтері құптайды. Миграцияның осы түрі қоғамның бұл категориясын беретін елдер үшін бұл «адам капиталының миграциясы» немесе «ғұламалардың жылыстауы» болып саналады. Миграцияның бұл ағымынан спортшыларды, шығармашылық қауымның эмиграциясын келтіруге болады. Сонымен бірге бүгінде кең өріс алған – біліктілігі аз жұмысшылардың көшуі.

Біліктілігі аз жұмысшылардың эмиграциясы – біліктілігі төмен және кәсіби дағдылары жоқ, еңбекке жарамды адамдардың тобы. Осы мигранттар тек бір мақсатты көздейді бұл – кез-келген жұмыс түрінде ақша табу. Миграцияның осы түрі Араб елдерінің аумағында көшу және Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдерінен Еуропа елдеріне қоныс аударуды жатқызуда болады [4]. Бұл фактор Араб елдерінде жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуымен және жалақы мөлшерінің төмендігімен түсіндіріледі.

Еңбек миграциясына келетін болсақ, бір жағынан бұл елдердегі экономикалық жағдайдың төмендігімен байланысты болса, екінші жағынан әлемдік еңбек нарығында өрлеу саясатының тиімсіздігі себеп болады. Жоғары білікті мамандардың мүмкіншіліктері осы нарықта артығырақ, мұның себебі дамыған елдерде мамандықты тілемейтін еңбек нарығы дамушы елдерден келген адамдарға толы: Германияда түріктер, Францияда Солтүстік Африка келімсектері, АҚШ-та мексикалықтар, Жапонияда кәрістер мен филиппиндықтар, Таяу Шығыс елдерінде үндістер мен пәкістандықтар. Осы және басқа да жұмыс күшін импорттаушы елдерге қытайлықтар елеулі бәсекелес болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, миграция жоғары білікті жұмыс күшінің әлемдік нарығын жандандырады. Керісінше, біліксіз жұмысшылар қозғалысы, үнемі өсіп отыратын ұлттық кедергілермен шектелінеді. Аталған миграция түрлері халықаралық миграциямен тікелей байланысты.

Халықаралық ағымдар көлемінің ұлғаюы олардың сапалық өзгерістерімен байланысты. Миграция әлеуметтік феномен ретінде қазіргі халықаралық қатынастар мен әлемдік қауымдастықтың дамуына айтарлықтай әсері мол болып табылады. Сонымен қатар миграциялық ағымдар белгілі бір елдердің сыртқы саясатын қалыптастыруда және мигранттардың саяси белсенділігінде маңызды рөл атқарады. Тарихта миграциялық ағымдар әрекет етуші тұлға мен тұтас аймақтардың саяси даму механизмдері ретінде болғаны мәлім. Мысалы, 1948 жылы құрылған Израиль мемлекеті – әлемнің барлық аймақтарынан жиналған еврейлердің эникалық иммиграциясы нәтижесінде құрылды. Жалпы, «Сохнут» Еврей агенттігінің ақпараты бойынша 1948-1999 жылдар аралығында Израильге 2 млн адам қоныс аударды. Алайда Израиль мемлекетінің құрылуы әлемдік проблеманың, яғни 2,5 млн палестиналық босқындардың пайда болуына әкелді. Әлемдік қауымдастықтың орынды кертартпалығы ретінде 50-ші жылдардың басында құрылған босқындар істері бойынша БҰҰ-ның Жоғары Комиссарының Басқармасы мен 1951 жылы қабылданған босқындар бойынша арнайы Конвенция болды [5].

Келесі мысал ретінде, 60-шы жылдарда құрылған Еуропалық экономикалық қауымдастықты келтіруге болады. Нәтижесінде халықты қоныс аударуына үлес қосқан Еуропа құрлығы, мигранттарды жұмылдыратын қуатты орталыққа айналды.

Миграциялық ағымдар қатысқан тағы бір маңызды оқиға Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыс. Оның нәтижесінде Бангладеш мемлекеті құрылып, 10 млн босқындар пайда болды. Бұл мәселені шешуде әлемдік қауымдастықтың барлық күші жұмылдырылды, әсіресе бұл БҰҰ-на қатысты болды.

Сыртқы саясатқа айтарлықтай әсер ретінде 70 жылдардың екінші жартысындағы Вьетнам, Лаос және Камбоджадан орын алған еріксіз миграцияны айтуға болады. 90-шы жылдардың басына қарай, халықаралық қатынастарда көрінген, босқындардың саны 3 млн-ға дейін жетті. Аталған кезеңде өткен ғасырдың 80-ші жылдарды Оңтүстік-Шығыс Азияда белең алған жағдайлар сәйкес келеді. Соның ішінде Жапония, Корея Республикасы, Тайвань,

Гонконг пен Сингапурдың жұмыс күшінің негізгі импорттаушыларына айналуы болып саналады. Әсіресе, жұмыс күшінің экспорттауына көп күш салған Қытайды айта кеткен жөн. Сонымен қатар Қытай заңсыз иммигранттардың бас жеткізушісіне айналды.

Миграциялық ағымдардың ішкі және сыртқы саясатқа әсерін 90-шы жылдарда болған процесстерден көруге болады. Социалистік одақтың құлдырауы, КСРО мен Югославияның ыдырауы, олардың орнында басқа мемлекеттердің пайда болуы миграциялық қарқынды белсендіру ғана емес, сонымен қатар жаңа елдер арасындағы қарама-қатынастардың ролін нығайтты.

Мигранттардың саяси белсенділігіне келетін болсақ, кейбір жағдайларда олар өз елінің мүддесінде әрекет еткен этникалық лобби ретінде танылады. Кейде албан, күрд, армян, эритрея және эфиопиялық диаспорада болған өз отанындағы қарулы қақтығыстарға қатысатын тарапқа қолдау көрсетіп отырған. Сол мезетте мигранттардың саяси ролі туралы бір мағынада айту мүмкін емес. Оны ресейлік шетелдік диаспорасының талдауы дәлелдейді. Таяу Шетелде 110-нан астам ресейлік отандастардың әр түрлі әлеуметтік қоғамдар құрылып белсенді түрде жұмыс істейді [6]. «Таяу» шетелдің 110 елінде тұратын Ресей жерінен шыққан 10 млн адамға келетін болсақ, олардың тарихи отанына оралуының басты себебі, орыс мәдени мұрасының сақталуы мен кітап шығару арқылы оның берілуі.

Сонымен бірге тағы бір маңызды фактор бұл миграциялық процестердің әлемдік демографиялық жағдайына әсері. Миграция көлемінің өсуінің өзі демографиялық дамуда миграция ролі өсуінің айғағы болып табылады. Аталған тұжырымды халық санының жалпы өсімі мен оның миграциялық құрылымы ара қатынасы айғақтайды. Мысалы, 1985 жылдан 2000 жылға дейін халық санының жалпы өсімі жыл сайын 1,7 %, ал миграциялық өсім 2,6 % құрады.

Жалпы алғанда халықаралық миграция соңғы жылдары дамыған аймақтарда халық санының шапшаң өсуіне және дамымаған аймақтарда өсімнің азаюына үлес қосты. Алайда халық миграциясы белгілі бір елдегі халық санының өсуі немесе азаюына ғана қатысты емес, сонымен бірге оның өндірісіндегі терең өзгерістерге қатысты. Айтып отырғанымыз миграцияның енетін және шығатын елдердегі репродуктивті сипаты болып саналады. Одан басқа, зерттеушілер халықаралық миграцияның әсер етуі нәтижесінде елдердегі жыныстық және жастық құрылымындағы өзгерістерді айғақтайды. Зерттеушілердің көпшілігі жыныстық құрылымындағы өзгерістермен келіседі. Мысалы, С. Кастлес, М. Миллер ойлары бойынша, халықаралық миграцияның болашақ дамуындағы басты заңдылығы оның «феминизациясы» болады. Миграцияның халық санының жастық құрылымындағы өзгерістерге келетін болсақ, бүгінгі күні біртұтас көзқарас әлі қалыптастқан жоқ. Дегенмен еңбек миграциясы жастық құрылымға айтарлықтай әсер етеді деген ой бар. Мысалы, Батыс Азияға бағытталған еңбек миграциясы, қабылдаушы елдердің халқын жасартты. Ал соғыстан кейінгі кезеңде Мальта мен Ирландия халқының «қартаюы» тікелей эмиграцияға байланысты болды. Аталған жағдай Италия, Португалия мен Грецияда да орын алған [7].

Жалпы демографиялық дамудағы халықаралық миграцияның ролі, көпшілік елдер үшін миграциялық ағымдар көлемінің өсуі ғана емес, сонымен қатар еңбек пен еріксіз миграция көлемінің өсуі жағдайында артады. Халықаралық миграция жалпы әлем экономикасы мен бөлек елдердің экономикасына қарама-қайшы әсер етеді. Экономикалық жағынан шетелдік еңбек күшінің экспорты мен импортында көрініс тапқан, әлемдік еңбек нарығының қалыптасуы аса маңызды фактор болып табылады. Бүгінгі таңда бұл құбылыс елеулі масштабтарға ие болды және халықтың барлық халықаралық миграциясын дәйектейді. Еңбек миграциясының белгілі зерттеушісі В. Бёнинг жазғандай, «бүгінгі күні еңбек миграциясы 100-ден астам елдердегі экономика мен жұмыс күшіне едәуір әсер ететін, әлемдік экономиканың жаһандану қарқынының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге С. Кастлес сөзімен айтатын болсақ, «миграцияның әсерінен жұмыс күші әрбір мемлекет аумағында және жаһандық дәрежеде көпұлтты бола бастады, себебі ұлтаралық корпорациялар бүкіл әлем жүзіне өз жұмысшыларын таратып жіберді». Мысалы, 90-шы жылдардың ортасында Францияда шетелдік жұмысшылар автокөлік жасау саласында 33%

құрады, Швейцарияда барлық құрылыс жұмыстарының 40%, Бельгияда шахтерлердің 50% құрады. Сауд Арабиясында өндіріс саласында жұмысшылар санындағы иммигранттар үлесі 40%, Кувейтте 86,5%, Біріккен Араб Әмірлігінде 97%-ға дейін жетті, яғни көпшілік бөлігін құрады [8].

Жұмыс күшінің миграциясы сонымен бірге халықаралық қаржыға да әсер етеді. Әлемдік банктің мәліметі бойынша, 2001 жылы дамушы елдерге жұмысшылардың ғаламдық ақша аударымы 72,3 млрд долларды құрады. Халықаралық сауда айналымында аударымдар мұнай саудасынан кейін екінші орын алады және жалпы тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің 42% құрайды. Әдеттегідей даму мақсатында олар ресми жәрдем көлемінен артады, табыстың берік және тұрақты көзі болып табылады, экономикалық кезеңдердің ауытқуларына тәуелделігі әлдеқайда аз. Ақша айналымдарының басты иеленушілері Мексика (10 млрд АҚШ доллары), Үндістан (9,9 млрд АҚШ доллары), Филлипиндер (6,4 млрд АҚШ доллары) мемлекеттері болып саналады. Аталған жағдайда айқын мысал ретінде Йемен елін келтіруге болады. Бұл мемлекетте эмигранттардан келетін аударымдар сомасы экспорт тауарларынан келген кірістен 100 есе артық болды.

Аталған сомалар тек ресми аударымдарға қатысты. Әр түрлі бейресми ақша аударымдарының жүйелерін есепке алғанда, дамушы мемлекеттерге бағытталған ғаламдық ақша аударымдарының көлемі 100 млрд АҚШ долларынан асуы ықтимал. Ақшалай қаражаттың шығарылу мәселесі мигранттарды қабылдаушы елдер үшін де көкейтесті болып саналады.

Миграция әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік-мәдени дамуына да қарама-қайшы ықпал етеді. Зерттеушілер, көбінесе миграциялық қозғалыстардың жағымсыз нәтижелеріне ерекше назар аударады. Сөзсіз, әлеуметтік теңсіздік фактілері, этникалық араздық пен қақтығыстар, ұлттық сәйкестілік мәселелері, мәдени ерекшелікті сақтап қалу және т.б. жоққа шығару қиынға соғады. Миграцияның әлемнің әлеуметтік қайта құру процесіне қосқан үлесіне назар аударған жөн. Соның ішінде миграцияның ұлт, ұлттық егемендік, азаматтық, Вестфаль моделінің мемлекеттік-саяси эволюциясы сияқты ұғымдарға қайта қарау мәселелеріне оның белсенді ықпалы. Қазіргі әлемде миграция мен әлеуметтік өзгерістер арасындағы өзара байланыс одан да тығыз болғаны маңызды. Энтони Гидденстің айтуы бойынша, миграцияның әсер етуі нәтижесінде әлеуметтік қатынастардың түрлендірілуі орын алады, жаңа әлеуметтік феномен – «ұлтаралық әлеуметтік орын» қалыптасады.

Халықаралық миграцияның қазіргі халықаралық әлемге келтіретін қауіптің өзгеру процесі мен қауіпсіздік ұғымының кеңеюіне әсері көкейтесті мәселе. Дж. Розенаудың сөзі бойынша, «халықаралық саясаттан кейінгі» әлем тәртіпсіздік пен болжауға қиынға соғатын факторлармен сипатталады. Өз кезегінде М. Николсон мына мәселеге назар аударады, қатысушылар санының артуы халықаралық қатынастар жүйесіне, алуан түрлі мүдделер, ұмтылыс пен мақсаттармен байланысты тұрақсыздық әкеледі, оның нәтижесінде олардың мінез-құлықтарының әлеуметтік зардаптарын болжау қиынға соғады.

Аталған тұжырымдарды, әсіресе, заңсыз миграция айғақтайды. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, әлемдегі халықаралық миграция ағымының үштен бірі бүгінгі күні бақыланбайды. Оның нақты мөлшерін анықтау тіпті мүмкін емес. Дегенмен мысалы АҚШ жасырын иммигранттардың саны 2-ден 13 млн-ға дейін, Батыс Еуропада 1,3-тен 5 млн-ға дейін, Жапонияда 300 мыңнан 1 млн-ға дейін, Таяу Шығыста 1-ден 3 млн-ға дейін, Оңтүстік Америкада 1,5-нан 6 млн-ға дейін жетті. Әрине келтірілген көрсеткіштер шамамен алынды, ал бүгінгі күні миграциялық ағымдардың аса белсенділігіне байланысты жасырын иммигранттардың саны тіпті 3-4 есе өскені туралы айтуға болады.

Заңсыз иммиграцияның зардаптары әлемдік қауымдастық үшін жаңа қауіптер тудырады. Осының барлығы салық және басқа да экономикалық заңнамадан тыс дамитын, көлеңкелі экономиканың кеңеюімен, қаржылық айналымнан едәуір ақшалай қаражаттың алынуы, бизнестің қылмыстандырылуымен байланысты. Одан басқа мигранттардың құқықсыз жағдайы мен оларды аяусыз қанауына назар аударған жөн.

Қорыта айтқанда, халықаралық миграцияның әлемдік демографиялық жағдай, экономика, қаржы, халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне әсері, жалпыәлемдік мәдениеттің эволюциясы миграцияның ерекше әлеуметтік феномен ретінде халықаралық өзгерістердің басты факторына айналуын айғақтайды. Аталған факторды мұқият зерттеу, әлеуметтік қауымдастық пайдасына оның тенденцияларын пайдалану, оның зардаптарын бейтараптандыру жолдарын іздестіру өте маңызды және онымен санаспау мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Социология миграции, Учебное пособие для вузов. М: Академический Проект, 2006. Т. Н. Юдина, с. 19-23
2. Миграция населения: теория и политика, Негосударственное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Московский психолого-социальный университет», Издательство «Экономическое образование» Москва 2012.
3. Миграция населения. (2001) Вып. 3: Международная миграция. Приложение к журналу «Миграция в России». М.
4. Международные отношения: Социологические подходы/ рук. авт. колл. П. А. Цыганков, М. 1998.
5. Введению в социологию труда и занятости: учебное пособие. М.: Дело, Попов Ю. Н., Шевчук А. В.
6. Вынужденные мигранты и государство / Отв. ред. В.А. Тишков. М., 1998.
7. Актуальные проблемы социологических исследований на современном этапе. М., 1984. Иванов В. Н., с. 8-9
8. Территориальное движение населения: характеристика и проблемы управления. М., 1985., Моисеенко В. М. с.36-37

УДК 7.046.4

КУЛЬТ ПРИРОДНЫХ СИЛ В ТЮРКСКОЙ МИФОЛОГИИ

Ахметчина Анель Батыргалиевна

Студентка 4-го курса факультета Международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилёва.
Астана. Казахстан

Научный руководитель - А.Б.Шалдарбекова

Работа посвящена анализу культа природных сил в преданиях, легендах, мифах, которые находят отображение в религиозных представлениях древних народов степей Центральной Азии. Общая цель работы - научное обоснование существования культа природных явлений в мифологии тюрков и определение его места в историко- культурном развитии народа.

Изучение духовного наследия предыдущих поколений в условиях убаыстряющегося техногенного развития общества представляется важным для сохранения культурного богатства, созданного в минувшие тысячелетия. Мифологический фонд составляет неотъемлемую часть достижений общечеловеческой цивилизации. Традиционное мировоззрение тюркских народов, сохранившее отголоски древних представлений людей об окружающем мире, в течение многих десятилетий остается одной из приоритетных тем исследований. Говоря о тюркской мифологии можно отметить книгу Мурата Ораза “Тюркская мифология”. Позже вышла книга “Тюркская мифология”, автором которой является профессор Бахауеддин Огел.[1] . Это произведение стало одной из комплексных работ, рассматривающих мифологию тюркских народов. В труде подробно раскрывается бесценное духовное наследие родственных народов. Из казахских ученых можно отметить С. Кондыбая. По его мнению, мифологические образы, сюжеты и представления содержатся в фольклорных текстах, обрядах, орнаменте, музыке, сакральной архитектуре и нуждаются в